АТҚАРУ КОМИТЕТІ **ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

02.10.2026 жыл **№ 11, 6-т.**

2027-2029 жылдарға арналған оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларының қызметкерлері үшін еңбек, жұмыспен қамту жағдайларын және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу бойынша әлеуметтік әріптестік туралы салалық келсімдерді жасасу жөніндегі Кәсіподақ міндеттері туралы.

Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровтың «2027-2029 жылдарға арналған оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салаларының қызметкерлері үшін еңбек, жұмыспен қамту жағдайларын және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу бойынша әлеуметтік әріптестік туралы салалық келсімдерді жасасу жөніндегі Кәсіподақ міндеттері туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай келе, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Орталық комитет аппаратының құқықтық жұмыс, әлеуметтік әріптестік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік бөлімі (Р.М. Қыдырбаева) 2026 жылғы 10 қазанға дейінгі мерзімде:

- Салалық келісімдердің жобаларын және келіссөздерге қажетті материалдарды дайындауды ұйымдастырсын;
- Қолданыстағы нормаларға, өңірлік және бастауыш кәсіподақ ұйымдарының ұсыныстарына, сондай-ақ, бұрынғы келісімдерді қолдану тәжірибесіне талдау жүргізсін;
- Қызметкерлердің еңбек жағдайлары, еңбекақы төлеу, жұмыспен қамту, еңбекті қорғау және әлеуметтік кепілдіктері бойынша Кәсіподақтың ұсыныстарын әзірлеп, негіздесін;
- Келісім жобаларына құқықтық және қаржылық-экономикалық сараптама жасалуын қамтамасыз етсін;
- Жасалған келісімдердің орындалуын бақылау механизмдерін (тетіктерін) әзірлесін;

- Әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимылды және келіссөз процесінің үйлестірілуін қамтамасыз етсін;
- Келіссөздерді ақпараттық сүйемелдеуді ұйымдастырсын және келісімнің қорытынды ережелерін кәсіподақ ұйымдарына жеткізсін.

2. Кәсіподақ атынан Ғылым және жоғары білім саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның құрамына мыналар (келесі) тұлғалар ұсынылсын:
- Мұқашева Айгүл Мақсатқызы - Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының төрағасы;
- Беженаров Виктор Федорович – Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы төрағасының орынбасары;
- Қыдырбаева Райхан Мамашиевна – Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру бөлімінің басшысы;
- Бектабанов Айдарбек Жасланович – Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру бөлімінің бас маманы;
- Сейдеш Бәкіжан Болатбекұлы – «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ бастауыш кәсіподақ ұйымы филиалының төрағасы;
- Алпысбаева Назым Аманғазықызы – «Әбілқас Сағынов атындағы «КарТУ» КеАҚ кәсіподақ ұйымының төрағасы.

3. Кәсіподақ атынан **Оқу-ағарту саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның құрамына** келесі өкілдер кірсін:
- Мұқашева Айгүл Мақсатқызы – Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының төрағасы;
- Беженаров Виктор Федорович – Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы төрағасының орынбасары;
- Қыдырбаева Райхан Мамашықызы – Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру бөлімінің басшысы;
- Бектабанов Айдарбек Жасланович – Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыс, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру бөлімінің бас маманы;
- Иманбаев Ернар Серікқалиұлы – Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы;
- Рақышева Алмагүл Айтқазықызы – «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Қарағанды облыстық ұйымы» ҚБ төрағасы;

- Байгуттинов Серикжан Кадралинович – «Ұстаз» Алматы қалалық жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-нің төрағасы.

4. Кәсіподақ басшылығы (А.М. Мукашева, В.Ф. Беженаров) **2026 жылғы 15 қазанға дейінгі мерзімде** тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдарының өкілдеріне, жұмыс берушілердің салалық бірлестіктеріне (қауымдастықтарына, одақтарына) қызметкерлердің еңбек, жұмыспен қамтылу және әлеуметтік кепілдіктері жағдайларын белгілеу бойынша 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімдерді әзірлеу, мазмұны және оларды жасасу бойынша келіссөздерді бастау туралы ұсыныстар жолдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға **А. Мукашева**